



• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

## Шуақты мейрам шұғыласы

Сенбіде Қарағандыда қала орталығына ағылған жұрттың қарасы қалың болды. Әсіресе, жастар мен балаларын жетектеген отбасылар көп. Жүздерінде шаттық. Тіпті, балалардың қуанғаны сонша, кешегі мектепте алған бағасын айтып мақтауда. Енді бірі ата-анасына өзіне қажет ойыншық түрін айтып әлек. Қала орталығына жақындай бере дыбыс күшейткіш арқылы жаңғырып шыққан әуеннің дауысы құлаққа бірінші жетті. Содан кейін, анадан биіктігі 20 метр болатын жасыл шыршаның төбесі де көрінді. Жұрттың бәрі – осында. Сол күні қала тұрғындары мен қала қонақтары Тәуелсіздік алаңында құрылған бас шыршаның шамдарын жақты...



Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталық алаңға үлкен сахна қойылған. Салтанатты рәсімді өткізу үшін Кеншілер мәдениет үйінен «ЦУМ-ға» дейінгі жол учаскесін уақытша жауыпты. «Күн райы кешегіден жылырақ» дейді мерекелік іс-шараға келгендердің бірі. Десе де бет шымштын аяз бар. Бірақ, жаңажылдық көңіл күй, жасыл шырша, қызыл-жасыл рождестволық инсталляциялар көңілге жылулық сыйлайды екен. Жұртты көп күтгірмей, С.Сейфуллин театрының әртістері кешті театрландырылған қойылыммен бастады. Түрлі ертегі және мультфильм кейіпкерлерінің образына еніп өлең айтты. Халықпен бірге би де биледі. Ал, осындай түрлі кейіпкерлерді теледидардан емес, көзімен көрген балалардың қуанышында шек жоқ. Салған әнін қосыла шырқап, қимыл-қозғалыстарына дейін қайталап тұрды. Табалдырығы-

мыздан аттағалы тұрған 2025 жылдың символы Жылан жылы мен бас кейіпкер Аяз ата, Ақшақар сахна төріне көтеріліп, шырша шамдарын жақты. Осындай бір керемет көріністі «балаларым тамашаласын» деп отбасымен бірге келген жандардың бірі Жансая Қалиақпарова. Қараған-

дылықтарға жылы лебізін білдіріп, тілегін де арнады.

– Біз жыл сайын отбасымызбен шырша шамдарын жағуға келеміз. Себебі, бұл кеш балаларға қайталанбас керемет әсер сыйлайды. Балаларымыз түрлі костюм киген персонаждардың өнер көрсетуін

асыға күтті. Олар үшін әр оқиға өте қызық. Әрі басқа іс-шараларға ұқсамайды. Балаларымыздың көңіл күйін сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Былтыр да келгенбіз. Был балаларымыздың өтінішімен қайта келдік. Жаңа жыл мерекесін ерекше мейрамдардың бірі деп білемін. Себебі,

жылды қалай қарсы алсаң, дәл сондай көңіл күймен шығарып саласың. Қарағандылықтарды келе жатқан Жаңа жыл мейрамымен құттықтаймын, – деді ол.

Шырша шамдары жағылғаннан кейін қала тұрғындары үшін керемет отпашу болып, соны концертке ұласты. «Қауһар» дуэті, «Баян сұлу» триосы, Мөлдір Жұмабекова және Әсел Қарабаеваның балалар вокалдык студиясы жиналған жұртқа әнмен шашу шашты. Сонымен қатар, орталық саябақта да мерекелік атмосфера сезіліп-ақ тұр. Мұнда бұрын-соңды болмаған жаңа фотоаймақтар қойылған. Түрлі пішіндегі рождестволық инсталляциялар мен көздің жауын алатын безендірулер ерекше көңіл күй сыйлайды. Былтыр саябақтың кіреберісіне құйылған мұз алаңы, биыл үлкен көлдің арғы басына ауыстырылыпты. Қала тұрғыны Айнұр Қанатова мерекелік атмосфераны мерелеріне көрсету үшін орталыққа алып келген.

– Немерелерім шырша шамын жағу кешіне бірінші рет келіп тұр. Былтыр келудің реті түспеген. Биыл ертерек қамданып, немерелеріме айтып қойғанмын. Содан бері достарына «Шырша шамын жағуға барамыз!» деп айтып жүр. Мұндағы атмосфераны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ерекше көңіл күй сыйлайды екен. Әрі немерелерім де мээ, – деді қала тұрғыны.

Жаңа жылда «Ескі жыл, есірке, Жаңа жыл, жарылқа» деп тілек тілеп жатамыз ғой. Биылғы жылы өңірде ауыз толтырып айтарлықтай жетістігіміз бар. Ауқымды жұмыстар атқарылды. Келе жатқан жаңа жылға да артар үміт айрықша...

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

«ORTALYQ QAZAQSTAN»  
ГАЗЕТИНЕ

Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ

Жеке жазылушылар үшін

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**  
Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай 10447,44 12 айға 20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3386,60 12 айға 6773,20

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 5882,60 12 айға 11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға 3074,60 12 айға 6149,20
Жеткізусіз	12 айға 4116

Анықтама телефоны:  
41-26-85, 8-702-638-56-85,  
8-705-902-04-05.  
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

• ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

## Әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуеті зор

Қарағанды облысы бизнесте іскерлік белсенділікті дамытып, оны өндіріске айналдыруда үлкен әлеуетке ие. Биыл бизнес-жоспар құру мен идеядан бастап, кәсіпті дөңгелетуге дейінгі барлық қолдау шаралары шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі кешенді бағдарлама шеңберінде іске асырылуда.



Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Әлеуметтік кәсіпкерлік

Биыл бизнесті қолдаудың жаңа форматы әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау қолға алынды. Әлеуметтік кәсіпкерлік қазіргі экономиканың маңызды бөлігі болғандықтан, бизнестің дамуына ықпал етіп, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыруға үлкен

сеп. Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау және қоғамдық пайдалы жобаларды дамыту сияқты маңызды әлеуметтік мәселелерді шешеді.

Осы орайда облыс бойынша арнайы комиссия құрылып, он үш компанияға білім беру, денсаулық сақтау, тігін өндірісі секілді салаларда әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері мәртебесі берілген. Бұл орайда Қарағандыда 11, сондай-ақ, Балқаш қаласында және Бұқар жырау ауданындағы әлеуметтік жобалар қолдауға алынды.

Жобаны дамытып, кәсіпкерлік әлеуметтік қызметті кеңейтіп, несиеге кепілдік беру құралдарын ұсыну біраз жобаның даму бағытын алға жылжытты. Аймақта әлеуметтік кәсіпкерлік жобаларына мемлекеттік гранттар алып, жұмысын жандандырып отырған жастар бар.

► 2-бет

• РЕСМИ

## Шешімді тұрғындар қабылдайды

Қарағандыда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын қаржыландыру үшін есе ұлғаяды. Бұл туралы қала әкімі Мейрам Қожухов мәлімдеді. Мәселен, 2023 жылы аталған бағдарламаны іске асыруға 1 миллиард 484 миллион теңге көзделген болатын. Ал, келесі жылдан бастап, бұл көрсеткіш 4 миллиард 320 миллион теңгеге жетпек. Қала басшысы бағдарлама жақсы нәтиже көрсеткенін айтып отыр.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мәслихат сессиясында 2025-2027 жылдарға арналған бюджет бекітілді. Келесі жылы атқаратын біраз жоспарларымыз бар. Бәріміз білетін «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы өзінің тиімділігін көрсетті. Мәселе мынада, біз ойын немесе футбол алаңын қайда орнату керектігін немесе абағандыруды қайда жүргізу керектігін өзіміз шешпейміз. Тұрғындар өз өтініштерін аудан әкімдіктерінің сайттары арқылы береді. Содан кейін комиссия ұсынысты қарап, дауыс беру әдісімен іске асырылатын жобалық ұсыныстар айқындалады. Биылғы жылы осы бағдарлама бойынша 24 жоба жүзеге асты. Ал, келесі жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша қаржыландыру үшін есеге арттырамыз, – деді Мейрам Қожухов.

– Биілік бұл бағдарламаны одан әрі дамытуды жоспарлап отыр. Қарағандылық жастар белсенді. Бізде белсенді жастар көп. Әлбетте, футбол, ойын алаңдары қажет. Одан бөлек, ауланың тыныш болғанын қалайтын тұрғындар да бар. Ондай жерлерге, керісінше, субұрпақ пен шағын гүлзарлар қажет. Сондықтан, аулада не болатыны туралы шешімді сол жерде тұратын қоғамдастық қабылдауы тиіс, – дейді әкім.

Сондай-ақ, қалада келесі жылға басқа да жобалар жоспарланғанын айту керек. Қала басшысы олармен кейін бөліседі.



• ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТП

## Озық технологияның орасан игілігі

Облыс сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мейлінше азайту үшін заманауи технологияларды енгізуде. Мәні бөлек мәселеде «Цифрландыру үдерісінің септігі қандай?» деген сұалға аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың өзі көз жеткізді.

**Ерқанат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұндағы негізгі сандық тегіктің бірі «еӘкімдік 365» жүйесі. Аталған сандық баған бытырдан бастап, стратегиялық әрі бюджеттік жоспарлау салаларын автоматтандырып, бақылау мақсатында іске қосылған. Қуанышқа орай, бүгінде бұл жүйе сынақтан сәтті өтіп, ресми тұрғыда қауіпсіздік сертификатын алды.

– Жүйеде «Стратегиялық жоспарлау», «Бюджеттік жоспарлау» және «Бюджеттің атқарылуы» сынды үш негізгі модуль бар. Оған облысты дамыту жоспарының мақсатты индикаторлары, сондай-ақ, 2015-2023 жылдар аралығындағы барлық ауылдық елді мекендердің тарихи деректері жүктелген. Бұл – 430 көрсеткіш. Яғни, белгілі бір ауылдың құрылысы мен инфрақұрылымын жөндеу қажеттілігін анықтауға таптырмас мүмкіндік, – дейді облыс әкімі.

Цифрландыру денсаулық сақтау, білім беру салаларына да сыналап енгізілу үстінде. Мәселен, шығыстың «мөдірлігі» қамтамасыз ету үшін бюджеттік жоспарлаудың барлық кезеңдері автоматтандырылған. Мысалы, білім беру мекемелері барлық деңгейде облыстан бастап, ауылға дейін «еӘкімдік 365» жүйесінде өз бюджеттерін қалыптастырады. Бұдан басқа, білім басқармасына қызметкерлердің қаржылық шоттарына төлемдерді қашықтықтан тексеруге мүмкіндік беретін «бұлтты» бухгалтерия тегіті істейді.

Айқын жаңашылдық деп мемлекеттік мекемелердің ұжымы құрамында бұрыншақ шатта болуы мүмкін жалған қызметкерлер саны түйікті түбегейлі шешілгендей. Қарағанды емханаларында есепшілердің қызметкерлерді өз бетінше қосу мүмкіндігін болдырмайтын арнаулы жүйе сынақтан өткізілді. Аталмыш тәсіл тиімділігі анықталып, облыстың барлық медициналық мекемелерінде, сондай-ақ, мектептерде де кенінен енгізілуде.

Жұмыс уақытын бақылау үшін қанатқатқы түрде сәйкестендірудің заманауи батырмасы да орнатылған. Мысалы үшін, Қарағанды мектептерінің бірінде қызметкерлердің қатысуын дәл белгілеу үшін GPS пен FaceID тегіті қолданылды. Ал, Шахтинск мектептерінде саусақ іздері бар, жұмыс уақытын есептеу терминалдары енгізілді. Бұл технологиялар тәртіп бұзушылықпен күресуге ғана емес, қауіпсіздікті арттыруға да септеседі.

Өңір сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің өңірлік тізілімін өзектендірді. Комплаенс-офицерлер тәуекелдерді анықтап, жоя отырып, квазимемлекеттік секторда белсенді жұмыс істеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік комиссияның

отырыстары тұрақты түрде өткізіледі. Ағымдағы жағдай бақылауда болады.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін дамыту да маңызды бағыт. Жыл басынан бері аймақта 100 мыңға жуық адамды қамтыған екі мыңнан астам іс-шара өткізілген. Осы жұмыс парасаттылығы берік қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қоғамдық төзбеушілікті сіңіруге бағытталған. Алда әлі жұмыс көп. Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен Мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдамасына сәйкес, 2025 жылға қарай жергілікті атқарушы органдар деңгейінде бухгалтерлік есеп жүргізудің бірыңғай жүйесін құру жоспарлануда. Бұл басқарудың ашықтығы мен тиімділігін одан әрі арттыруға бағытталған маңызды қадам болады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге облыстың Гео-ақпараттық жүйесі де оң ықпал етеді. Оны енгізу сәулет және жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде көрсетуге ықпал еткен. Быыл 24 мыңнан астам өтінім түсті.

Иә, заманауи теңдессіз технология мен ашық басқару жүйелері сыбайлас жемқорлықпен күресте жаңа кезеңнің есігін ашты десек, жалған айтпаймыз. Тіпті, жылдар бойы шешімі табылмай келген түйткілдер енді сандық тегітер мен инновация игілігі арқасында еңсерілуде. Шынтауында, тек арнаулы жүйе мен құрылғының ғана жетістігі емес, бұл – адам санасының да өзгеруі, қоғамның ашықтық пен әділдікке деген талпынысы. Әсілі, мұны – сенімнің селкеусіз символы, қоғам мен билік арасындағы алшақтықты азайтуға бағытталған веб-көпір десек жарасар. Қарапайым ауылдан бастап, облыс орталығына дейінгі бюджет қаражатының мақсатты түрде жұмсалуды, әр жобаның дер кезінде орындалуы – жарқын болашаққа деген үміт ұшқыны. Тегінде, ашықтық мәдениеті тек белгіленген ереже мен жүйемен ғана емес, әрбір азаматтың жүрегінде мықтап қалыптасуы тиіс. Өйткені, қым-қуыт қоғамның күші – сенімде. Ал, сенім атты сөздің нығайтуы – ашықтықтың жалғыз жолы. Тек осылай ғана сіз бен біз сыбайлас жемқорлықсыз әділетті қоғамды бірге құра аламыз. Күрес тек бір жылдың, яки, бір басының үшін немесе бірыңғай жүйенің толайым табысы емес. Әрбір азаматтың саналы таңдауымен айқындалатын ортақ жеңіс. Ашықтықтың ақ таңы жаңа мүмкіндіктер әкелсін. Кемел келешек – әділдік пен парасаттылыққа негізделген қоғамның игілігі.

## Ауылдар көркейіп, маман тапшылығы жойылады

Ауылдардағы тұрмыс-тіршілікті жақсартуға бағытталған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша облыста ауқымды шаралар атқарылғанын білеміз. Мәселен, дәл осы жоба арқылы быыл 67 мың адам тұратын 41 ауылдың жағдайы оңалды. Яғни, жолдар ретке келтіріліп, су құбырлары мен әлеуметтік нысандар салынды. Бағдарлама келесі жылы да жалғасатынын айту керек. 2025 жылы 31 ауыл мен кентте жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиналысында белгілі болды.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ



Сурет ашық деректен алынды

**Салтанат ІЛІЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгінде 28 жоба бойынша жұмыстар аяқталса, Бесуей аяқталуға жақын. Ал, он жоба келесі жылға ауысады. 2025 жылға «Ауыл – ел бесігі» жобасымен 31 ауылдық елді мекенді қамту жоспарланған. Білім беру, тұрғын-үй шаруашылығы, мәдениет және спорт салаларында, сондай-ақ, жолдарды жөндеу бойынша жұмыстар жүргізіледі, – деді облыстың экономика басқармасының басшысы Татьяна Абаева.

Басқарма басшысы биыл орындалған жұмыстардың дені кентішілік жолдарды жақсартуға бағытталған. Одан бөлек, Бұқар жырау ауданының Доскей және Үштөбе ауылдарында клуб салынды. Сарышаған, Ғ.Мұстафин кенттерінде жаңадан дене шынықтыру-сауықтыру кешендері ашылады.

Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің мәдениет үйін жөндеу жұмыстары аяқталуда. Ал, Осакаров ауданының Тельман ауылында су құбыры іске қосылады.

«Ауыл – ел бесігі» жобасының игілігін облыс аудандарының ешқайсысы шет қалмайды. Атап айтар болсақ, келесі жылы Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінде спорт кешені, Нұра кентінде өнер үйінің құрылысы жалғасады. Көкпекті ауылында клубты аяқтау қажет.

Ал, Сарышағанда тазарту ғимараты бар су құбыры сорғы станциясын кеңейту жүргізілуде, сондай-ақ, мектеп-интернатқа күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұқар жырау ауданының Трудовое ауылында су құбыры желілерін реконструкциялауды

аяқтау жоспарланған. Атқарылып жатқан жобалардың жай-күйі туралы аудан әкімдері баяндады.

Өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев «Ауыл – ел бесігі» жобасының мақсаты – ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, әлеуметтік ортаны жаңғырту екенін атап өтті. Ол барлық жобалардың уақытылы тапсырылуын қамтамасыз етуді және жұмыстардың сапасын бақылауда ұстауды тапсырды.

Одан бөлек, аппарат жиынында облыста дәрігерлер тапшылығын төмендетудің жаңа тәсілдерін қарастыру қажеттігі айтылды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыста соңғы екі жылда медицина мамандарының тапшылығы 62%-ға төмендеген. Бұған көтерме ақы көлемін көтеру, қызметтік тұрғын үй беру сияқты шаралар ықпал етті.

Жалпы, денсаулық сақтаудағы кадрлық стратегия бір орында тұрмайтынын ескерсек, келесі жылдан медицина университетіне бакалавриатқа түсуге облыс әкімінің гранттары беріле бастайды.

– Соңғы екі жылда денсаулық сақтау жүйесіне 563 медициналық маман тартылды. Ауылдық жерлерге келген жас қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетіледі. 2024 жылы жергілікті бюджеттен 63 жас маманға жалпы сомасы 407 млн теңгеге көтерме ақы төленді. Тағы 106 адам «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша көтерме жәрдемақылар мен бюджеттік кредиттер алды. Облыс бойынша жас дәрігерлерге 203 қызметтік пәтер берілді, – деді облыстың денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенова.

Келесі жылы Нұра ауданындағы дәрі-

герлер үйін тапсыру жоспарланған. Ал, облыс орталығында «Жаңа қала» шағын ауданында медицина қызметкерлеріне арналған тұрғын үй кешені салуға 1 га жер учаскесі бөлінді.

– Жергілікті бюджет есебінен резидентурда мамандар даярлау да өз нәтижесін көрсетуде. Қазір 200 адам оқып жатыр. Бұл бейінді мамандарға деген қажеттілікті жабады. Одан бөлек, шетелде дәрігерлердің біліктілігін арттыру бюджеттен қаржыландырылады. Быыл 106 дәрігер Германияда, Финляндияда, Ресейде, Испанияда балалар нейрохирургиясы, кардиология және кардиохирургия, инсульт орталықтары, анестезиология – реаниматология, онкологиядағы нейрохирургия және т. б. салаларда тағылымдамадан өтті, – деді Бибігүл Төлегенова.

Мамандыққа деген қызығушылықтың артуына мектептердегі медициналық сынпаулар ықпал етеді. Олар 94 қалалық және ауылдық оқу орындарында жұмыс істейді.

Басқарма басшысы маман даярлау бағдарламасы аясында, сондай-ақ, әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында 2025 жылы алғаш рет облыс әкімінің бакалавриатқа 20 гранты бөлінетінін айтып отыр.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жас мамандарды қолдауды жалғастыру жөнінде тапсырма берді. – Біз нәтижелерді көріп отырмыз, бірақ, медицина мамандары тапшы. Бұл мәселені шешу үшін барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр. Бакалавриатқа білім беру гранттарын беру бойынша конкурс тәртібін пысықтау қажет, – деді өңір басшысы.

## Әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуеті зор

(Соңы. Басы 1-бетте).

### Wonder kid – мектепалды дамудың заманауи жүйесі

Мәселен, қарағандылық Дарья Зайцеваның Wonder kid түзету және дамыту орталығы инклюзиядағы ерте және мектепалды дамудың заманауи жүйесіне негізделген.

Жоба бала өмірінің алғашқы кезеңдеріндегі физикалық даму бұзылыстарын анықтап, оларды сенсорлық интеграция мен Монтессори әдісімен түзетуге негізделген. Сондай-ақ, нейропсихологиялық тәсілді қолдана отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мектепке бейімдеу мен дайындаудың кезеңі де Дарьяның жобасында көрініс табады.

Жоба авторының айтуынша, Монтессори – педагогиканың негізгі ұстанымдарының бірі болғандықтан, баланың еркіндігі мен өзіндік ойлау дағдысының дамуына қысым көрсетпейтін тәсіл. Балаға бостандық беріп, өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай жасайды, шабыттандырады.

– Ерекше балаларды қолдау орталығына грантты биыл алдық. Әлеуметтік жоба грантын алуға балама болған аутизм диагнозы себеп болды. Баламды өзімнің білімім, тәжірибем арқылы емдеп алдым. Кейін басқа да балаларға көмектесу жайлы ой келді. Әлеуметтік кәсіпкерлік реестрінде тұрғандықтан, ақпан айында жоба жұмысын бастаймыз деп жоспарлап отырмыз. Бүгінде орталықта 10 маман жұмыс істейді. Мамандар қосымша білім алып, тәжіри-



бе арттырып тұрады. Әлі де қосымша құрал-жабдықтар алынады, – деді жоба үйлестірушісі Дарья Зайцева

### Өмір сыйлайтын оттегі кабинеті

Әлеуметтік қолдауға ие болған тағы бір жоба Дана Әшімованың «BALA oksimer» – балаларға арналған оттегі ка-

бинеті. Жоба аясында «oksimer\_kz» франшизасы бойынша балаларды сауықтыру түзету оттегі орталығын ашу жоспарлануда. Орталықта дамуында ерекшеліктері бар балаларға арналған гипербарикалық оттегімен қанықтыру (оттегі барокамерасы) және нормобариялық гипокситерапия бойынша қызметтер көрсетіледі.

Мамандардың айтуынша, гиперба-

рикалық оттегі терапиясы – науқасқа қысым камерасында теңіз деңгейіндегі атмосфералық қысымнан 2-3 есе жоғары қысымды әсер ету арқылы 100% оттегімен ингаляцияға негізделген емдеу түрі. Осылайша қандағы және тіндердегі оттегінің мөлшерін 20 есеге дейін арттыруға болады. Ем-шара кезінде жоғары қысым әсерінен оттегі қанық ішінде ериді және осылайша органдар мен тіндерге түседі. Адам ағзасында жоғары қысымдағы таза оттегі жасушаларды қалпына келтірді.

– Балам 1 жарым жасқа келгенде, өз атын атағанда адамға қарамайтынын байқадық. Сыртқа өзімен-өзі шығып кететін. Содан бір өзгешеліктер барын байқай бастадық. Невропотолог бізге «гипоксия» диагнозын қойды. Оны емдеудің жолы далада ұзақ серуендеу екенін айтты. Алайда, тек серуендеумен мәселелер шешілмейтінін сездім. Кейін әртүрлі ем-шара нәтижелерінде баламның жағдайы жеңілдеді.

Бұл мәселе маған таныс болғандықтан, оның үстіне Қазақстанда «oksimer\_kz» франшизасы сатылатынын естіп, оны сатып алдым. Бізде облыстағы 700 ата-ана қосылған ортақ әлеуметтік чат бар. Онда ерекше балалардың денсаулығы жайлы айтылады. Алдағы уақытта медициналық орталықтармен келісім-шартқа отырып бірге жұмыс істеу ойда бар, – деп атап өтті «oksimer\_kz» жобасының иесі Дана Әшімова.

Орталықта бүгінде әртүрлі диагноз-

бен балалар келеді.

– Менің балам Никита Ваншейттің жасы 8-ден асты. Орталыққа келіп жүргенімізге 2 жылға жуық уақыт өтті. Диагнозы аутизм, психо-сөйлеу дамуының кешігуі. Орталықта АВ терапиясы және дене шынықтыру, нейрокоррекция бойынша көптеген маңызды емнің бәрі бар. Оң нәтижелер байқалады. Орталықта балалардың тамақтануына әрі ұйықтауына жағдай жасалған, – деп атап өтті Никитаның анасы.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау аясында ашылған орталықтарда жоғары дәрежелі логопедтер, психологтар, дефектологтар, кәсіби терапевтер және жаттығу терапиясы мамандары жұмыс істейді.

Айта кеткен жөн, бүгінгі таңда Қарағанды облысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар 18 мыңнан астам бала тұрады. Олар үшін 30 арнайы ұйым жұмыс істейді. Қазір балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен және ерте түзетумен қамту 85%-ды құрайды.

Биыл алғаш рет Қарағанды өңірінде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысы іске асырылуда.

Суреттерді түсірген  
**Александр МАРЧЕНКО**

# Сандық технологияның сауаттылыққа әсері



Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінде «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту» жобасы жүзеге асты.

Жобаның мақсаты – білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытудың әдістемесін теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негіздеу және тиімділігін сынақтан өткізу.

Осы мақсатқа орай білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытудың теориялық негіздерін анықтау, білім беруді цифрландыру жағдайында қолданбалы негіздерін ашу және педагогикалық мониторинг жүргізу міндеттері қойылды.

Мақсат пен міндеттерді жүзеге асыруда теориялық және эксперименттік әдістер қолданылды.

Жоба аясында цифрланды-

ру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытуға жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған «Интеллектуал» цифрлық контенті әзірленді.

Жоба барысында әзірленген авторлық оқу-әдістемелік кешен тиімділігін дәлелдеп, Қарағандының «№16 жалпы білім беретін мектеп», «№66 мектеп-лицей», «Б.Алтынсарин атындағы мектеп-лицей», «әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясына» оқу-тәрбие

цифрландыру жағдайында дамыту әдістемесі әзірленіп, тиімді жолдары анықталды. Зерттеулердің қорытындысы бойынша ұжымдық монография жарияланды.

Жоба аясында «Тіл және әдебиет», «Математика», «Жаратылыстану» пәні бойынша тапсырмалар қоры әзірленді. Бастауыш сынып оқушыларына арналған тест-тренажерден құрылған бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған «Интеллектуал» цифрлық контенті әзірленді.

Жоба барысында әзірленген авторлық оқу-әдістемелік кешен тиімділігін дәлелдеп, Қарағандының «№16 жалпы білім беретін мектеп», «№66 мектеп-лицей», «Б.Алтынсарин атындағы мектеп-лицей», «әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясына» оқу-тәрбие



үдерісіне енгізілді. Дайындалған бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту әдістемесі оқушылардың өмірде болып жатқан түрлі құбылыстарын өз бетінше зерттеуге және талдауға дайындығын пысықтайды. Ақпаратты бағалау және пайдалану қабілетін, сондай-ақ әлемде болып жатқан процестер арасындағы өзара байланысты көруге мүмкіндік беретін танымдық қабілетін дамытуға негізделген жан-жақты тұлғаны дамыту тетіктерін жүйелеуге ықпал етеді.

**Салтанат ӘБІЛДИНА,**  
педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик  
**Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің профессор-зерттеушісі, жоба жетекшісі**

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!! ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

### АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ

кепіл мүлкін сату бойынша голландия әдісімен сауда-саттық өткізеді  
проводит торги по продаже заложенного имущества по голландскому методу

Р/б № п/п	Объектінің атауы Наименование объекта	Орналасқан жері Местонахождение	Кепіл мүлкінің сипаттамасы Описание и характеристика заложенного имущества	Бастапқы бағасы Стартовая стоимость	Кепілдік жарна 5% Гарантийный взнос 5%	Сауда-саттық өткізілетін күні Дата проведения торгов	Сауда-саттық өткізілетін уақыт/время проведения торгов
1.	Кафе гимараты жер учаскесі Здание кафе с земельным участком	Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, Четская көш., 12 үй, т.ж. 3, г.Қарағанды, район им. Казыбек Би, ул. Четская, д.12, н.п. 3	Кафе гимараты, жалпы ауданы 51,1 ш.м. жалпы ауданы 161,3 ш.м. кафе гимаратының негізгі кеңейтімі, жер учаскесі 0,0289 га. Здание кафе общей площадью 51,1 кв.м. основная пристройка к зданию кафе общей площадью 161,3 кв.м. с земельным участком 0,0289 га.	36 838 000,00 тенге	1 841 900,00 тенге	14 қантар 2025 ж. 14 января 2025 г.	11 сағат/часов 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы күн сомасының 5%-ы /гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости в сумме – 1 841 900,00 тенге.

Төмен түсу – бастапқы күн сомасының 3%-ы /шаг понижения – 3% от стартовой стоимости в сумме – 1 105 140,00 тенге.

Ең төменгі сату бағасы (-24%)/минимальная цена реализации (-24%) – 27 996 880,00 тенге.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қарағанды қаласы, Әлиханов көш., 5 мекенжайы бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады /заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді /покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти рабочих дней после проведения торгов.

Сауда-саттық өткізілетін жер/ место проведения торгов – Қарағанды қ., Н.Әбдіров дан., 5, 412 қаб./ г. Караганда, пр. Н.Абдилова 5, каб. 412. Сенім білдірілген тұлға/ доверенное лицо – Мукашев Канат Амангельдыевич.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (705) 186-06-55 телефондары бойынша алуға болады /дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (705) 186-06-55.

№340

# 43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



Электрондық пошта:  
ortalyk.kaz@mail.ru

### Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің экономика және заң факультеттері бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды:

«Т-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (информатика + математика), «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау», «Экономика», «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару», «Маркетинг және SMM», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қоғам үй бизнесі» (география + шет тілі), «Құқықтану», «Халықаралық құқық», «Сот және прокурорлық қызмет», «Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу», «Қылмыстық кірістерді жымылтатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл және экономикалық қауіпсіздік», «Мемлекеттік билік және басқару органдарының қызметін құқықтық қамтамасыз ету», «Бизнесі заңдық қамтамасыз ету», «Жеке құқық» (дүниежүзі тарихы + адам, қоғам, құқық). Мемл. лицензия: KZ83LA000018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7212)35-64-05, https://buketov.edu.kz/, priemka@ksu.kz

№648

«Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі (100000, Бұқар жырау даңғылы, 53 үй, анықтамалық үшін телефон 8 (7212) 50-71-19, электрондық пошта: Zh.zhakayeva@krg.gov.kz) Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы «Күрес түрлері бойынша олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған балалар мен жасөспірімдердің «Даулет» мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Кәсіпорынның негізгі қызметі: Тәрбиеленушілердің дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, қосымша білімнің білім беретін оқу бағдарламасын жүзеге асыру, балалардың, жеткіншектердің және жастардың арасында олардың денсаулығын нығайту және дене шынықтыруды дамытуға бағытталған дене шынықтыру-сауықтыру және тәрбиелік жұмыстарын жүзеге асыру. Кәсіпорын қызметінің мақсаты: балалар мен жасөспірімдерді спортпен жүйелі түрде шұғылдануға тарту, балалардың спорттың белгілі бір түріне қабілеттілігін анықтау, қайраттылыққа, адамгершілікке және ерік-жігерлі болуға тәрбиелеу.

Функционалды міндеттері: мекеменің Жарғысына сәйкес жалпы басшылық жасау және коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін қамтамасыз ету.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:** Білімі – кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі): «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық.

Мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын, педагогика негіздерін, психология және

физиология, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар, Жарғыға сәйкес кәсіпорын қызметінің мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін білуі қажет.

**Конкурс** Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 1017 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогтың қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары негізінде өткізіледі.

**Конкурсқа қатысу үшін қажет құжаттар:** (қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтініші, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парағы (нақты тұрғылықты жерінің мекенжайы және байланыс телефондары көрсетілген), лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі, «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтамасы ресми бұқаралық ақпарат құралдарында конкурсты өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланымнан кейінгі келесі жұмыс күнінен есептелетін 15 күнтізбелік күннің ішінде ұсынылуы тиіс.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнынан басшылықтың ұсынымдары) ұсына алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында әңгімелесуге жіберу туралы хабарлар ету күнінен бастап үш күнтізбелік күннің ішінде әңгімелесуден өтеді.

**ГУ «Управление физической культуры и спорта Карагандинской области» (100000, проспект Бухар Жырау, 53 телефон для справок 8 (7212) 50-71-19, электронная почта: Zh.zhakayeva@krg.gov.kz) объявляет конкурс на занятие вакантной должности руководителя коммунального государственного учреждения «Областная специализированная детско-юношеская школа олимпийского резерва по видам борьбы «Даулет» Управления физической культуры и спорта Карагандинской области.**

**Основная деятельность предприятия:** Реализация образовательных учебных программ дополнительного образования с целью удовлетворения физкультурно-оздоровительных и спортивных потребностей обучающихся, осуществление физкультурно-оздоровительной и воспитательной работы среди детей, подростков и молодежи направленной на укрепление их здоровья и физического развития. Целью деятельности предприятия является: привлечение детей и юношей к систематическим занятиям спортом, выявление способностей детей к определенному виду спорта, воспитание физических, морально-волевых качеств.

**Функциональные обязанности:** Общее руководство и обеспечение деятельности коммунального государственного учреждения в соответствии с Уставом учреждения.

**Требования к участникам конкурса: Образование** – высшее (или послевузовское) по направлениям подготовки кадров: педагогические науки по специальности «Физическая культура и спорт» или бизнес и управление или право.

Стаж работы по специальности, в том числе на руководящих должностях в области физической культуры и спорта не менее 5 лет.

Знание Конституции Республики Казахстан, Бюджетного кодекса Республики Казахстан, Трудового Кодекса Республики Казахстан, законов Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан», «Об образовании», «О государственном имуществе», «О физической культуре и спорте», «О противодействии коррупции», «О государственных закупках», основ педагогики, психологии и физиологии, требований по безопасности и охране труда,

производственной санитарии, пожарной безопасности, других нормативно-правовых актов Республики Казахстан, регулирующих вопросы деятельности предприятия согласно Уставу.

**Конкурс проводится на основе** Правил поступления на гражданскую службу и проведения конкурса на занятие вакантной должности гражданского служащего, за исключением первого руководителя и педагога государственной организации образования, утвержденными приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 25 декабря 2015 года № 1017.

**Необходимые для участия в конкурсе документы:** (заявление об участии в конкурсе с указанием перечня прилагаемых документов, копия документа, удостоверяющего личность, заполненный личный листок по учету кадров (с указанием адреса фактического места жительства и контактных телефонов), копии документов об образовании в соответствии с предъявляемыми к должности квалификационными требованиями, копия документа, подтверждающего трудовую деятельность, справку о состоянии здоровья по форме, утвержденной приказом исполняющего обязанности Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 «Об утверждении форм учетной документации в области здравоохранения» (зарегистрированный в Реестре государственной регистрации нормативных-правовых актов № 21579) должны быть представлены в течение 15 календарных дней, который исчисляется со следующего рабочего дня после последней публикации объявления о проведении конкурса в официальных средствах массовой информации.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикаций, рекомендаций от руководства с предыдущего места работы).

Кандидаты, допущенные к собеседованию, проходят его в Управление физической культуры и спорта Карагандинской области в течение трех рабочих дней со дня уведомления кандидатов о допуске их к собеседованию.

№338



• МЕРЕЙ

## Жүректерді жылытқан кеш

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ысты-бұлақ», «Ар-Рух» жыр жинақтарының авторы Руслан Нұрбай 50 жасқа толуына орай, қалың оқырманына есеп берді. 25 жасында-ақ бір өлеңімен Алматының әдеби ортасын жалт қаратып, Қазақстан Жазушылар одағына қабылданған ақын Кеншілер мәдениет сарайында «Үтірсіз уақыт» атты жыр кешін өткізді. Жыр кешінде жаңа кітабының тұсауы кесілді.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Сәкен театры бұл күнде Қарағанды ақындарымен шығармашылық байланыста. Кештің шымылдығын солар ашты. Ақынның өлеңдеріне театрландырылған көрініс қойды. Өлеңдер арқылы қазақ ауылдарының трагедиясын жеткізді. Әсіресе, бір кезеңде дүркіреген, Қарқаралы ауданының сәні болған Қарағай-

лы кентіндегі қаңыраған үйлер оқырманның жүрегін толқитты. Кез келген шайырдың аңсары – қайтып келмес, қайтып бермес жастық шағы. Актерлер дауысы күркіреген, дәуірі дүркіреген ақынның жігіттік шағын оқырманның көз алдына келтірді. Сөйтіп, ақын жырлары актерлердің дауысымен өзгеше жаңғырды.

Руслан Нұрбай – Алаштың ақсұңқар ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері



Серік Ақсұңқарұлынан кейін Қарағандының ортасына келген қуатты толқынның белді өкілі. Мұқағали Мақатаев пен Қадір Мырза Әлінің, Төлеген Айбергеновтердің өлеңдері қалай оқыла, Руслан Нұрбайдың да жауһар жырлары қазақ тойы мен түрлі жиындарында оқылды. Балқантаудың дарынды ақыны Тұрсын Жұмаш «Сенен бұрын ауылға жетті өлеңің...» дейді Серік Ақсұңқарұлына жазған өлеңінде. Руслан Нұрбайдың да есімі мен өлеңі Қазақстанның түпкір-түпкіріне өзінен бұрын жеткен. 25 жасында-ақ қазақ поэзиясының құбылысы деп мойындалған. Театрландырылған қойылым-

нан кейін сахнаға ақынның өзі шықты. Руслан Нұрбай қалың қазақ жатқа оқитын «Өріп пен ұғым», «Зообактағы мұңдасу», «Ыстыбұлақ» өлеңдерін оқыды. Содан кейін кезек құттықтау сөздерге берілді. Көшті облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей бастады. Ол Руслан Нұрбайдың өлеңінен бұрын адамдық қасиеттерін тілге тиек етті және аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың құттықтауын жеткізіп, иығына шапанын жапты. – Руслан Жаманханұлы, сізді барша қарағандылықтардың атынан мерейлі жасыңызбен құттықтаймын! Ердің жасына жеттіңіз. Осы уақытқа дейін ақындық

борышыңызға адал болып, елдің сөзін сөйлеп, ықыласына бөленіп жүрсіз. Қазақ поэзиясына салар олжаныз әлі де көп деп сенемін. Шабытыңыз шалқып, өнеріңіз оза берсін! Сөз өнерімен бірге жасай беріңіз! Арқа жұрты сізді қастерлейді. Отбасыңызға амандық, деніңізге саулық тілейміз! – деді Әлібек Үсенұлы. Ақынның Алаш оқырманына тараған тағы бір өлеңі – «Фетемір» еді. Руслан Нұрбай өзі оқып берді. «Алтын аймағы» да оқылды. Қазақтың аяулы әншілері Ержан Базарбеков пен Сержан Мұсайын да поэзияны асқақ әнмен әрледі. Поэзия кешінде Арқа жұрты-

ның алдында Қазақстан байтағына өзінен бұрын өлеңі жеткен ақынның «Үтірсіз уақыт» деген жаңа өлеңдер кітабының тұсауы кесілді. Расімді атқаруға Руслан Нұрбайдың ұстазы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, абайтанушы, академик Зарқын Тайшыбай, «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы, белгілі меценат Бекзат Алтынбеков, Қазақстан Жазушылар одағының аймақтағы ресми өкілі Жанат Жаңқашұлы мен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті филология факультетінің деканы Елдос Түйте шықты. Сонымен қатар, ақынның туған өлкесі Ақтоғай ауданы және қызмет істеп, қаламы төселген Қарқаралы ауданы әкімдігінің өкілдері сахнаға көтерілді. Қадірменді меймандар ақынға лебіз, тілектерін жеткізді, поэзиясы мен азаматтығына жоғары баға берді. Ал, Жанат Жаңқашұлы болса, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкеновтың құттықтау хатын оқыды.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, талантты ақын, әдеби аудармашы Дәурен Берікқажыұлы, ақын, журналист, өлкетанушы, Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» Алмаз Темірбай сахнаға шықты. Қос ақын қарағандылық оқырманның алдында өлең оқыды.

Белгілі өнертанушы, әйгілі әнші Ерлан Төлеуғай да ақынның тойына Алатаудың бөктерінен арнайы келген. Ол Руслан Нұрбайдың азаматтығы турасында толғата сөйлеп, ән шырқады.

Суреттерді түсірген  
**Бахтияр РЫМБАЕВ**



• КӨРМЕ

## Жаңа жәдігерлер шақырады

Облыстық бейнелеу өнері мұражайында қорға биыл алынған жәдігерлер қойылған «Жаңа экспонаттар – 2024» көрмесі ашылды. Жаңа жәдігерлер қатарында қазақ халқының өткен өмірі мен тұрмыс-тіршілігі, тағдыры, болмысы бейнеленген бірегей картиналар бар. Сонымен қатар, қаланың шетінде кездейсоқ табылған белгісіз қарағандылық суретшінің бұрын еш жерде қойылмаған туындылары да тұр.



Суреттер облыс әкімінің сыйлығы

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл мұражай қоры 117 өнер туындысымен толықтырылған. Оның 72-сі – кескіндеме және графикалық кенептер, мүсіндер, сәндік-қолданбалы өнер туындылары. Қазір олар негізгі қорға кірген. Тағы 45-і – плакат, буклет, газет қиындылары мен фотосуреттер мұражайдың ғылыми-көмекші қорына түсті.

Аталған экспонаттардың барлығы мұражай қорына тегін берілді. Олардың кейбіреулері көрмелер мен түрлі іс-шаралардан кейін сыйға тартылса, келесі бір бөлігін мұражайға қарағандылық суретшілердің туыстары әкелген. Одан бөлек, мұражай қоры шетелдік шеберлердің жұмыстарымен де толықтырылды.



– Мұражайымыздың жанашыр досы Валентин Даниленко бізге пошта арқылы Балтық суретшілерінің графикалық және кескіндемелік суреттерін жіберді. Бізде барлығы 19 автор еді. Енді, 20 автор болды. Валентин мұражайымызға 47 жұмысты өткізді. Бұл суретшілердің бәрі тірі, әртүрлі техникада жұмыс істейді. Атап айтсақ, заманауи техникада. Солардың бірі Виталий Ермолаев – өз техникасының жарық кескіндемесін ойлап тапқан суретші, – деп атап өтті облыстық бейнелеу өнері мұражайының бас сақтаушысы Дәмелі Данкеева.

Сонымен қатар, өнерге жаны құмар қала тұрғындары қарағандылық суретші Владимир Беличенконың жұмыстарымен де таныса алады.

– Өкінішке қарай, Владимир Беличенко – өмірден ерте өткен талант. Ол туралы көп айтпайды. Қылқалам шебері 1950 жылы туған. Харьков өнер мектебінің түлегі. Бұл деректерді суретшінің туыстарынан сұрап білдік. Оның өмірі туралы басқа мәлімет жоқтың қасы. Шебер суретшінің туындылары Майқұдықтағы қокыс алаңдардың бірінен табылды. Бағымызға орай, №61 мектептің оқытушысы өтіп бара жатып, картинаны байқап, мектепке алып келген. Аталған мектеп әкімшілігінің рұқсатымен жұмыстар мұражай қорына өткізілді, – дейді Дәмелі Данкеева.

Бұдан бөлек, көрмеге ҚазКСР еңбек сіңірген өнер қайраткері Мыңғыш Әбілқасовтың триптих де қойылды. 1930 жылдардағы аштық тақырыбын бейнелейтін картиналарды туыстары мұражай қорына суретшінің мемориалдық көрмесін өткізгеннен кейін тапсырыпты.

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Мадиярдың маңдайы жарқырады

Талдықорғанда өткен белгілі композитор Мұратхан Егінбаевтың шығармашылығына арналған III республикалық «Сәйгүлік» әншілер байқауында «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша ақтоғайлық әнші Мадияр Өмірғалы I орынды еншіледі.



Нұрлос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауда еліміздің түпкір-түпкірінен келген өнерпаздар сазгердің әндерін орындап, бақ сынасқан. Олардың 21 өнерпазы ақтық сынға жолдама алған көрінеді. Ән байқауы II кезең бойынша өткен. Мадияр I кезеңде де II кезеңінде де Мұратхан Егінбаевтың екі әнін орындаған. Қатысушылардың өнерін Махмұт Тойкенов, Серікжан Әбдімұров, Айгүл Қосанова, Әли Алпысбаев, Абылай Қармысов секілді саз өнерінің сандақтары, танымал композиторлар, профессорлар кәсіби мамандар бағалаған.

Олар байқауға қатысушы үміткерлердің енді орындау шеберлігіне, орындаушылардың сахна мәдениеті мен киім үлгісіне, табиғатына сай ән таңдауына,

дауыс диапазонына, әртістік қабілетіне баса назар аударған.

Айта кетейік, аталмыш сайыстың мақсаты айтулы композитордың әндерін кеңінен насихаттау мен талантты әнші, орындаушыларды анықтауға, дарынды жастардың шеберлігін шыңдауға және оларға қолдау көрсетуге бағытталған. Бұған дейін де бірнеше ән байқауында жеңімпаз атанған Мадияр Өмірғалы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші Сержан Мұсайынның шәкірті.

Облыс намысын лайықты қорғаған талантты әнші Мадиярдың болашақта әлі талай биікті бағындырына бек сенеміз!

Ақтоғай ауданы

Сурет автордан

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК НЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –  
Қайрат Жүнісұлы  
ӨБІЛДА  
Директордың орынбасары –  
Оксана Вячеславовна  
МИЯКНИХ

Бас редактор –  
Е.К. МУСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары –  
К.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы –  
І.Д. МҰКАЙ  
Жауапты хатшы –  
Ж. ШАЛҚАР

Телефондар:  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Оскараров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ КФ  
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,  
БИК КСЗВКЗЖХ БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 144 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Салтанат ІЛІПШ